

«Астана медицина университеті» АҚ
Кафедра:

СӨЖ

**Тақырыбы: *Майлардың алмасуынан пайда
болатын аурулар***

Орындаған: *Тоганбаева Г.Ш*

227 топ, ЖМ

Тексерген: *Оразбай П.О*

Астана 2014 ж.

Жоспар:

I. Кіріспе.

Майларға жалпы сипаттама

II. Негізгі бөлім:

- * 1. Адам ағзасына майлардың маңызы
- * 2. Майлардың алмасуынан пайда болатын аурулар


III. Қорытынды.

Пайдаланылған әдебиеттер

Кіріспе

Майлар негізінен организмдегі энергияның көзі болып табылады. Ересек кісілерде организмге қажет барлық энергияның 40%, ал жас балаларда 50% бейтарап майлардың тотығуы арқылы қамтамасыз етіледі. Организмдегі майдың қоры 10-15 күнге жетеді. Майлар сонымен қатар А, Д, Е, К дәрумендерінің еруәне және сіңірілуіне жағдай жасайды. Майлар өкшеге, алақанға серпімділік береді.

Майдың құрамын француз ғалымдары М. Шеврель мен М. Бертло анықтады. ХІХ ғасырдың басында Шеврель майға су қосып, сілті қатысында қыздырғанда, глицерин және карбон қышқылдары (стеарин және олеин) түзілетінін тапты. Ал Бертло кері реакция жүргізді (1854 ж.) Глицерин мен карбон қышқылдарының қоспасын қыздырып, майларға ұқсас зат алды. Майды түзуге глицерин және карбон қышқылдары (бір түрлі немесе әр түрлі) қатысады:



Адам ағзасына майлардың маңызы

Линолен, линоль, арахидон сияқты қанықпаған май қышқылдары ағзаның қалыпты өсуі, тері қызметінің қалыпты болуы үшін өте қажет. Майлар сонымен қатар организмдегі жылуды сақтап отырады.

Организмде тәулігіне ересек кісілер үшін 60-80 г май керек болса, балалар үшін 25-30 г май қажет.



Атеросклероз

Қалыпты жағдайда холестериннің қандағы мөлшері 130-320 мг %.

Атеросклероз – грек тіліндегі екі терминнен тұрады: ather – бидай ботқасы, sklerosis – қатты. Атеросклероз кезінде қан тамырларының қабырғалары зақымдалады, алғашқы кезде ботқа сияқты болып тұнбаға түскен холестерин, кейінірек қатаяды.



Жүректің атеросклероз



Тея-Сакс ауруы

Ганглиозидтердегі N-аңил-Д-галактоза Д-галактозаның арасындағы байланысты үзетін N-ацетилгексозаминидаза ферменті синтезделмегенде дамиды. Мида, көк бауырда ганглиозидтер жинала бастайды. Ми зақымдалып, кейіннен балалар соқыр болып қалады. Мұндай балалар 5 жасқа дейін ғана өмір сүреді.



Қорытынды

Табиғи майларды ұзақ сақтаған кезде жарықтың, ауаның және микроорганизмдердің әсерінен ашып кетеді, иісі және дәмі бұзылады. Сақталу мерзімін ұзарту үшін майға ас тұзы сияқты консерванттар қосады және тоңазытқышта сақтайды. Жылудың, жарықтың және ылғалдың әсерінен майлар гидролизге ұшырайды және тотығады. Ауадағы оттектің әсерінен тотыққан кезде гидропероксидтер түзіледі, одан әрі тотығып, олар альдегидтерге, карбон қышқылдарына (құрамында көміртек атомы аз) айналады. Көбіне бұл жағдайда иісі жағымсыз май қышқылы (бутан қышқылы) түзіледі.

Майлар — триглицеридтер, глицерин мен жоғары май қышқылдарынан түзілген күрделі эфирлер. Радикалдың табиғатына байланысты қаныққан және қанықпаған болып бөлінеді. Қатты майлар құрамында қаныққан карбон қышқылдары, ал сұйық майлардың құрамында қанықпаған карбон қышқылдарының қалдықтары болады. Майлар гидролизденеді және гидрлеу реакциясына түседі. Май — маңызды биологиялық отын, жан-жануар үшін энергия көзі, қажетті тағам, зат алмасу процесіне қатысатын маңызды қосылыс.

Пайдаланылған әдебиеттер

www.google.kz

Сейтембетов Т.С, Төлеуов Б.И, Сейтембетова А.Ж
“Биологиялық химия” Алматы-2011

Сейтембетов Т.С, Сейтембетова А.Ж , Ребрикова И.И, Блудова С.А,
Попова Н.В
“Биохимия сұрақтары мен жауаптары” Астана-2003